

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№21				
Күндері	24.01 -28.01.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Мен және қоршаған орта / Я и окружающий мир / Me and the world around me				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабқшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Кім тез жинайды" дидактикалық ойыны. Мақсаты: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.	"Кемпірқосақ түстері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру.	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Мақсаты. Дидактикалық міндеті: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Достығы жарасқан (оң қолын оң жаққа созады) Біз сыйлы боламыз (оң қолын түсірмей сол қолын сол жаққа созады). Келісіп бәрімен (бірін-бірін көрсетеді), Татулық табамыз (өзін көрсетеді). Бәріміз бір болсақ (бәрі қол ұстасады), Бәрін де жеңеміз. Күндей боп күлімдеп (қолдарын жоғары көтереді)! Таудай болып өсеміз (қолдарын жоғары ұстаған күйінде біріктіреді)				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Кезекшілер тағайындалып, үстелді ретімен жабдықтау: майлық салатын ыдыс, нан сауыты, майы бар табақ, кесе және табақша (кесе тұтқасы оңға қарайды), терелке, шанышқы сол жаққа қойылады (тістері жоғары), пышақ (пышақтың жүзі табаққа қарап тұрады) оң жаққа қойылады; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				

Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Не қалай дыбыстайды? [о], [ө] дыбыстары". Мақсаты. Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. <i>"Қалай шақырамын?" сөздік жаттығуы.</i> Сурет салу "Өсімдіктер". Мақсаты. Балаларды өзара ұжымдасып шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?".</i> Дене шынықтыру "Домаланған кірпі". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; 1,5 м қашықтықта допты қақпа (ені 50 см) арқылы домалатуға үйрету; қойылған заттардың арасымен "жылан" тәрізді жүру дағдысын жетілдіру. <i>"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Тұлпарым". Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. <i>"Төлдер" ойыны.</i> Математика негіздері "Марғаулар жіппен ойнайды". Мақсаты. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. <i>Үстел басындағы дамыту жаттығуы.</i> <i>"Марғау мен жіптер".</i> Вариативті компонент/Дидактикалық ойындар	Дене шынықтыру "Кірпі қалай жүреді?" Мақсаты. Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру дағдыларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, тура секіру; допты алысқа лақтыруға үйрету; баскетбол добына арналған торға белгіленген нысанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлдеп лақтыру дағдыларын дамыту. <i>"Баскетбол" қимылды ойыны.</i>	Құрастыру "Ақтөстің үйшігін жөңдейік". Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары мен өзге, екіге бүктемеленген қағаздан күшікке үйшік жасауға үйрету; білеулерден өден, кірпіштерден қабырғаларды қалап, қағаз жолағын екіге бүктемелеп, шатыр қойып, құрастыруда дағдыландыру; кірпіштер мен білеулердің жазықтықта орналасу амалдарын бекіту. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату.</i> Музыка "Тауықтар" биі. Мақсаты. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. <i>"Жұмыртқа" ойыны.</i> Қоршаған ортамен танысу "Жүргіншілер жолы". Мақсаты. Балаларды жүргіншілер жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Жүргінші жолын құрастыр".</i>	Жаратылыстану "Кішкентай марғау". Мақсаты. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. <i>"Мысықтың ойыншықтарын тап" дидактикалық ойыны.</i> Дене шынықтыру "Допты қақпа арқылы домалатамыз". Мақсаты. Балаларда тізені биікке көтере отырып жүруге; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыруға үйрету; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру. <i>"Баскетбол" қимылды ойыны.</i>

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Көліктерді бақылау. Мақсаты: жерүсті көліктері туралы білімдерін кеңейту (олардың жіктелуі, мақсаты). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардан, орындықтардан қарды тазарту.) Мақсаты: ересектерге аумақты қардан тазартуға көмектесуге деген ықыласты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен бұғылар". Мақсаты: қозғалыстарды бір-бірімен үйлестіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, нысанаға лақтыру, лақтыру кезінде бастапқы позицияны дұрыс қабылдау қабілетін бекіту.	Қыстайтын құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың айналасына қар күреу.) Мақсаты: еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қар бүршіктерін алысқа лақтыруға үйрету.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: қоршаған әлемге қызығушылықты оята отырып, құсты шыққан дыбысы арқылы тануға үйрету (шырылдау) және оны сипаттау; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (тайғақ жолдарды құммен себу). Мақсаты: достар мен ересектерге деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жағалаудан жағалауға". Мақсаты: шашырап, жан-жаққа жүгіру, жіптен секіру жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықты бәсеңдетіп, тар жолмен жүгіруге жаттықтыру.	Ұлпа қарларды бақылау. Мақсаты: ұлпа қарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы қарды тазарту.) Мақсаты: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". Мақсаты: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" Мақсаты: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.	Шыршаларды бақылау. Мақсаты: шыршаның құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау) Мақсаты: ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". Мақсаты: ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". Мақсаты: алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтенкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Жеке жұмыс	этикет ережелері.				
Үйге оралу	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А